

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылдың 20 наурыз күнгі №166 бұйрыққа сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 33 жылдығына және Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 80 жылдығына орай аудандағы жалпы білім беретін мектеп оқушылар арасында 2025 жылдың 9 сәуір – 9 мамыр аралығында аудандық «Патриот» әскери-патриоттық айлығы өткізіледі.

Осыған байланысты, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімдермен, соғыс ардагерлері кеңестерімен, ауған соғысы ардагерлерінің қоғамдық бірлестіктерімен бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет.

Айлық барысында аудандық жалпы білім беретін мектептерінде келесідей іс-шаралар өткізу ұсынылады:


- 1) Оқушы жастармен, ҰОС және ауған соғысы ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін құрметтейтін іс-шаралар.
- 2) Жалпы білім беретін мектептерде 2025 жылы 5 мамырда Ұлы отан соғысындағы Жеңіс мерекесіне арналған «Біз бірлесіп Жеңіске жеттік» атты сабақ өткізу;
- 3) Әскери қызметкерлермен, әскери жоғары оқу орындарында білім алып жатқан мектеп түлектермен кездесу ұйымдастыру, жоғары сынып оқушыларының әскери бөлімшелерге экскурсияларға баруын және басшыларымен кездесуін жоспарлау;
- 4) Әскери даңқ бұрыштарын, бөлмелерін, мұражайларын қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және оқушылардың сол жерлерде аралауын ұйымдастыру;
- 5) Жалпы білім беретін мектептердің 8-10 сынып оқушылары арасында шығарма жазу және 5-7 сынып оқушылар арасында сурет байқауларын ұйымдастыру.
- 6) Әскери-патриоттық бағыттағы үйірмелердің жұмысын жетілдіру «Естелік» әскери-патриоттық, әскери-тарихи, әскери-спорттық клубтардың, ізденіс топтарының желісін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау;
- 7) ҰОС, ауған соғысы ардагерлерінің және тыл еңбеккерлерінің отбасыларына қамқоршылық көмектер ұйымдастыру;
- 8) Әскери-патриоттық жұмысын жолға қою;

9) Оқушы жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесін жетілдіру бойынша талқылау ұйымдастыру және бұқаралық ақпарат құралдарында айлықты кеңінен жариялау

Осыған орай, атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты және шығарма жазу мен сурет байқауларының жеңімпаздардың жұмыстарын (1 орын алған 1 шығарма, 1 сурет) **2025 жылдың 12 мамырына дейін** аудандық білім бөліміне жіберулеріңізді тапсырады.

Қосымша: Бұйрық 1 парақ тіркеледі.

/ **Басшы**



М.Сванов

Орындаған: А.Маджит

Тел: 87478982499

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ №279-Ө

Құлан ауылы

01 сәуір 2025 жыл

**Жалпы білім беретін оқушылар арасында аудандық
«Патриот» әскери-патриоттық айлығын өткізу туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылғы 20 наурыз күнгі №166-Ө санды бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 33 жылдығына және Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 80 жылдығына орай аудандық жалпы білім беретін мектеп оқушылар арасында 2025 жылдың 9 сәуір – 9 мамыр аралығында аудандық «Патриот» әскери-патриоттық айлығы өткізілсін.

2. Аудандық жалпы білім беретін мектеп оқушылар арасында шығарма жазу және сурет байқауларының жеңімпаздарын анықтау үшін ұйымдастыру комитетінің құрамы (1 қосымша) әділқазылар алқасының құрамы (2 қосымша) бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Г.Қырыкбаеваға жүктелсін.

Басшы



М.Сванов